



# **ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Әдістеме «Үкіметтік емес ұйымдарды қолдау жөніндегі республикалық азаматтық орталықтың қызметін ұйымдастыру және дамыту» жобасы аясында әзірленді.  
2021 жыл

# Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдірудегі қажеттіліктерді бағалау әдістемесі

<b>Мазмұны</b>	
<b>Кіріспе</b>	
<b>1-тарау. Әдістеме өзектілігінің негіздемесі</b>	
● Әдістеменің мақсаты және оны пайдалану	1-бет
● Өртүрлі топтардың бағалау нәтижелеріне қызығушылығы	1-бет
● Негізгі ұғымдарды анықтау	3-бет
<b>2-тарау. Бағалау әдістемесінің сипаттамасы</b>	
● Қажеттіліктерді бағалаудың мақсаты мен міндеттері	4-бет
● Бағалау объектісі мен мәні	5-бет
● Іріктеу әдістемесі	6-бет
● Деректерді жинау әдістерінің сипаттамасы	6-бет
● Бағалау кезеңдері	8-бет
<b>3-тарау. Қорытынды құжаттарды дайындау</b>	
● Қажеттіліктерді бағалау туралы есеп дайындау	8-бет
● ҮЕҰ мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тізімін қалыптастыру	9-бет
<b>Қорытынды</b>	10-бет
<b>Қосымшалар</b>	
<b>Жаппай сауалнама өткізуге арналған анкета</b>	11-бет
<b>Сараптамалық сұхбат жүргізуге арналған сауалнама</b>	19-бет
<b>Фокус-топтар жүргізуге арналған гайд</b>	20-бет

## КІРІСПЕ

Әдістеме «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ іске асыратын «бір терезе» қағидаты бойынша үкіметтік емес ұйымдарды қолдау үшін республикалық азаматтық орталықтың қызметін ұйымдастыру және дамыту» жобасы шеңберінде әзірленді. Қажеттіліктерді бағалау — бұл белгілі бір мақсатты топ үшін ағымдағы және қалаулы жағдайлар арасындағы айырмашылықтар мен өзекті мәселелерді анықтау мен шешудің жүйелі процесі. Ағымдағы және қалаулы жағдайлар арасындағы мұндай айырмашылықтар мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұдайы қаралып отыруы керек.

### 1-тарау. Әдістеме өзектілігінің негіздемесі

#### Әдістеменің мақсаты және оны пайдалану

Ұсынылған әдістеме үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қаржыландырудың қалаулы және қолданыстағы тетігінің сәйкестігін бағалау үшін пайдалануға болатын құрал болып табылады. Әдістеме деректер жинау барысында, қанша уақыт жұмыс істегеніне, қандай білімі мен біліктілігі барына қарамастан кез келген азаматтық орталық пайдалана алатындай етіп әзірленген.

Азаматтық қоғамды нығайтуға және дамытуға бағытталған басты стратегиялық құжат «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» ҮЕҰ-ны дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі шаралар бекітілген. Үкіметтік емес секторды қаржылық қолдау тұжырымдаманың бес негізгі міндеттерінің екеуінде қарастырылған:

- азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- азаматтық қоғам институттарының әлеуетін нығайту.

Үшінші секторды нығайту мен дамытуға қатысты мемлекет стратегиясын тиімді іске асыру үшін үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік қаржыландыруды алу кезінде тап болатын проблемалар және осындай проблемаларды шешу тәсілдері туралы өзекті деректер қажет.

Мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіруде қажеттіліктерге бағалау жүргізу кезеңділігін жылына бір рет белгілеу ұсынылады. Ең алдымен мұндай кезеңділік ҮЕҰ қызметінің үнемі өзгеріп отыратын болмысы мен ортасына, сондай-ақ, тиісінше үшінші сектор қызметін регламенттейтін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі тұрақты жұмыспен байланысты.

#### Өртүрлі топтардың бағалау нәтижелеріне қызығушылығы

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ұсынылып отырған әдістеме «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жұмыс істейтін республикалық ресурстық орталықтың пайдалануына арналған. Яғни, әдістемемен танысу және онымен жұмыс істеу үшін ҮЕҰ-ның қызметін

қаржыландыру тетіктерін жетілдірудегі қажеттіліктерді анықтау үшін деректерді жинау процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік дағдылар болса жеткілікті. Ол үшін ұсынылған әдістемеде зерттеу жүргізу саласында арнайы білімнің болуын талап етпейтін қарапайым терминология пайдаланылады.

Бағалау жүргізу нәтижелері уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне заң шығару қызметін жүзеге асыру және жоспарлау кезінде пайдалану үшін қажет болады.

Жекелеген өңірлер/республикалық маңызы бар қалалар аумағында бағалау нәтижелерін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қолдау көрсетілген жобаларды қалыптастыру, іске асыру, іске асыру мониторингі және бағалау кезінде пайдалануға болады. Сондай-ақ жыл сайынғы бағалау нәтижелерін зерделеу жергілікті атқарушы органдарға өңірдің/республикалық маңызы бар қаланың үкіметтік емес ұйымдарын нақты, проблемалық мәселелер бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау тетіктері туралы хабардар етуге және оларды жою бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне ұсыныстар дайындауға көмектеседі.

Осындай бағалауды өткізуге қатысу үкіметтік емес ұйымдарға проблемаларды шешуге оң ықпалын тигізетін шешім қабылдайтын тұлғаларға мемлекеттік қаржыландыруды алу кезінде қалыптасқан проблемаларды жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың қажеттіліктеріне жүйелі түрде бағалау жүргізу бытыраңқы шағымдар мен ұсыныстарға ғылыми негізделген сипат беруге септігін тигізеді.

### Негізгі ұғымдарды анықтау

Әр түрлі орталықтардың техниканы нақты, жан-жақты және бірыңғай түсінуін қамтамасыз ету үшін ең алдымен қолданылатын негізгі ұғымдардың анықтамаларымен танысуды ұсынамыз:

*Қажеттіліктерді бағалау* – бұл қазіргі және қалаулы жағдайлар арасындағы қажеттіліктерді немесе «олқылықтарды» анықтау мен қанағаттандырудың жүйелі процесі.

*Үкіметтік емес ұйым* – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).

*Жетілдіру* – бұл бір нәрсенің белгілі бір сипаттамалары мен параметрлерін жақсартуға мүмкіндік беретін үздіксіз процесс.

*Қанағаттану дәрежесі* – бұл процестің немесе объектінің болжамдары шынымен расталатын дәреже.

*ҮЕҰ мемлекеттік қаржыландыру тетіктері:*

*Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс* – әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған, үкіметтік емес ұйымдар бюджет қаражаты есебінен орындайтын әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды, орталық және (немесе)

жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға жүзеге асыру үшін берілген функцияларын іске асыру нысаны.

*Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік грант* – азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаржы.

*Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік сыйлық* – үкіметтік емес ұйымдарға республикалық, салалық және өңірлік деңгейлердегі әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін бюджет қаражаты есебінен берілетін ақшалай сыйлық.

## **2-тарау. Бағалау әдістемесінің сипаттамасы**

### Қажеттіліктерді бағалаудың мақсаты мен міндеттері

Әдістеменің өзектілігінің сипаттамасында атап өтілгендей, мемлекеттік қаржылық қолдау тетіктерін жетілдіруде ҮЕҰ қажеттіліктерін бағалауды ең алдымен үкіметтік емес ұйым қызметін мемлекеттік қаржыландыру тетіктерінің жұмысындағы олқылықтарды анықтау мақсатында жүргізу жоспарланған.

Бағалау жүргізуге арналған сұрақтар:

- 1) ҮЕҰ өкілдерінің болжамдары секторды мемлекеттік қаржылық қолдаудың қолданыстағы практикасына сәйкес келе ме?
- 2) Сәйкес келмесе, қай жерде сәйкес емес?
- 3) ҮЕҰ өкілдерінің болжамдарына сәйкес мемлекеттік қаржылық қолдау тетіктерін жетілдіру үшін не істеуге болады?

Сипатталған мақсатқа сәйкес, **бағалау үшін мынадай міндеттер қойылды:**

1. Үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның мемлекеттік қаржылық қолдау тетіктерінің (МӨТ, гранттар, сыйлықтар) жұмысына қанағаттану дәрежесін айқындау;
2. ҮЕҰ қаржылық мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану кезінде туындауы мүмкін қиындықтарды анықтау;
3. Мұндай қиындықтардың себептерін анықтау;
4. ҮЕҰ қызметін мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бойынша кеңестер мен ұсыныстар әзірлеу.

### Бағалау объектісі мен мәні

Бағалау жүргізудің мәні үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттен көрсетілетін қаржылық қолдаудың қолданыстағы тетігіне қанағаттану дәрежесі, ҮЕҰ өкілдерінің болжамдарына және қаржыландырудың қолданыстағы практикасына сәйкес айырмашылықтар, сондай-ақ осы айырмашылықтарды

қысқарту тәсілдері болып табылады.

Бағалау объектілері – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын ҮЕҰ өкілдері, ЖАО қызметкерлері, «АБҚО» КЕАҚ және ҚР АҚДМ.

### Іріктеу әдістемесі

Осы бағалау мақсаттары үшін популяция — мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын ҮЕҰ өкілдері, ЖАО қызметкерлері, «АБҚО» КЕАҚ және ҚР АҚДМ.

Қамтуға келетін болсақ, әдістемеді әрбір өңірде қаржыландырудың әр тетігі бойынша респонденттердің белгілі бір саны сұралатын тәсіл ұсынылады, бұл нәтижесінде ҮЕҰ қаржылық қолдаудың барлық үш жолы, сондай-ақ респонденттердің берілген саны бойынша мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Ықтимал іріктеу - бұл әлдеқайда нақты қорытынды жасауға және пайымдаулардағы қателіктердің болу ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін жетілдірілген әдіс. Мұндай тип репрезентативтілікті қамтамасыз етеді. Алайда, бұл ретте репрезентативті емес, қарапайым және жылдам әдіс - анықталған іріктеу таңдалып отыр. Әдістемеді анықтамалық іріктеудің барлық түрлерінен квота түрі ұсынылады. Яғни, әрбір сұхбат алушыға Техникалық тапсырмаға сәйкес, респонденттердің қандай санаттарымен және қандай көлемде сауалнама жүргізу керектігі белгіленетін белгілі бір квота беріледі. Бұл квота қолдау тетіктерінің, азаматтық орталықтардың санына, географияға — республикалық маңызы бар қалаға/облыс орталығына, респонденттердің жалпы санына байланысты болды.

Жалпы **респонденттердің келесі санаттары** белгіленді:

- 1) ҮЕҰ өкілдері;
- 2) ресурстық орталықтардың қызметкерлері;
- 3) МӘТ іске асыратын ЖАО өкілдері;
- 3) «АБҚО» КЕАҚ және ҚР АҚДМ өкілдері.

Мәселен, бағалау шеңберінде респонденттердің жалпы саны респонденттердің әрбір жеке санаты бойынша 516 адамды құрайды:

- ҮЕҰ өкілдері - 476 адам (өңірде 28 адам);
- ресурстық орталықтардың қызметкерлері – 17 адам (өңірде 1);
- МӘТ іске асыратын ЖАО өкілдері – 17 адам (өңірде 1);
- «АБҚО» КЕАҚ және ҚР АҚДМ өкілдері – 6 адам;

Демек, әр өңірде 30 адамнан жауап алу қажет.

Сауалнама өткізу үшін үкіметтік емес ұйымдарды қызметтің әртүрлі бағыттары бар ұйымдарды тең қамту қағидаты бойынша таңдаған жөн. Осылайша, сауалнамаға қатысатын ҮЕҰ-ларды анықтау үшін төменде көрсетілген қызметтер бағытында жұмыс істейтін ұйымдарды қамту қажет (2 ұйымнан):

- 1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;



- 4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
- 5) отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
- 6) халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
- 7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету;
- 8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- 9) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- 10) мәдениет пен өнерді дамыту;
- 11) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 12) қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту;
- 13) есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу;
- 14) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу.

«АБҚО» КЕАҚ және ҚР АҚДМ өкілдерімен сараптамалық сұхбат жүргізу үшін азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы немесе оның орынбасарларының бірі, «АБҚО» КЕАҚ басшысы немесе оның орынбасарларының бірі, әкімшілік, экономикалық (бухгалтерия) бөлімдердің және ҮЕҰ-мен жұмыс бөлімдерінің қызметкерлері сияқты әртүрлі бөлімдер мен басшылық буын қызметкерлерін іріктеп алу ұсынылады.

#### Деректер жинау әдістерінің сипаттамасы

Алға қойылған мақсат пен бағалау міндетіне қол жеткізу үшін әртүрлі әдістерді қолдану ұсынылады. Жоғарыда аталған мәліметтер деректер жинаудың түрлі әдістері негізінде бағаланады, оның ішіне: ҮЕҰ өкілдері арасында жаппай сауалнама жүргізу, «АБҚО» КЕАҚ, ЖАО және АҚДМ қызметкерлерімен сұхбат, ҮЕҰ өкілдерінен, ресурстық орталықтар және ЖАО қызметкерлерінен тұратын фокус-топ жатады.

#### *Жаппай сауалнама.*

Жаппай сауалнама – бұл респондентпен сауалнама жүргізу (көбінесе жеке сұхбат) арқылы жүзеге асырылатын ақпарат жинаудың дәстүрлі сандық әдісі. Респонденттер квоталық іріктеу негізінде таңдалады.

Логикалық құрылымдалған сауалнама – бағалау анкетасы деректер жинау құралы болып табылады. Анкета - белгілі бір ережелерге сәйкес қалыптасқан және өзара байланысты сұрақтар тізімін қамтитын бастапқы ақпарат жинаудың стандартты құралы. Әлеуметтік анкетаның қасиеттері мен сапасы, оның көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрастырудың ерекшелігі тығыз байланысты және осы құрал пайдаланылатын сауалнама түрімен (жаппай) анықталады.

Әлеуметтік анкетаның құрылымы үш блоктан тұрады: 1) өтініш, респондентке ұсынылатын зерттеу туралы ақпарат, толтыру жөніндегі нұсқаулық және т.б. кіретін кіріспе; 2) қажеттіліктерді анықтау бойынша қойылған сұрақтар жиынтығын қамтитын негізгі блок. Бұл блокта әртүрлі аспектілерге арналған бірнеше бөлім болуы мүмкін; 3) әлеуметтік-

демографиялық, онда респонденттің ұйым, ұйымның жасы, қызмет бағыты, өңір және т. б. сипаттамалары туралы сұрақтар жиынтығы болады.

Сауалнаманы 3 тәсілмен өткізу жоспарланған:

- 1) ҮЕҰ өкілдері ресурстық орталыққа консультация алу үшін және т. б. жүгінген кезде сауалнама жүргізу;
- 2) ҮЕҰ өкілдерімен онлайн сауалнаманы толтыру арқылы;
- 3) ҮЕҰ өкілдері арасында телефон арқылы сауалнама жүргізу арқылы.

Іріктемелі жиынтық мөлшері әрбір өңірде/республикалық маңызы бар қалада 28-ден 476 адамды құрайды. ҮЕҰ арасындағы жаппай сауалнаманы жергілікті ресурстық орталықтар ұйымдастырады.

### *Сараптамалық сауалнама.*

Сараптамалық сауалнама жүргізу кезінде ақпарат алудың негізгі көзі зерттеу мәселесіндегі құзыреттілігі негізінде таңдалған сарапшылар болады, бұл жағдайда орталықтардың қызметкерлері осындай сарапшылар болып табылады. Сараптамалық сауалнама әртүрлі әдістер мен процедураларды қамтиды, ал мақсаты өзгеріссіз қалады – зерттелетін құбылыс туралы бағалау үшін сенімді мәліметтерді жеткілікті көлемде алу.

Сараптамалық сауалнаманың ең танымал тәсілі - сұхбат.

Сұхбат жүргізу кезінде сұхбат алушы сарапшыға алдын ала әзірленген сұхбат гайды (жоспары) бойынша зерттеу проблемасы туралы сұрақтар тобын қояды. Әңгіме 2 сағатқа дейін созылуы мүмкін, әңгімелесу барысы диктофонға жазылады, ал сұхбат алушы өз кезегінде одан әрі талдау жасау үшін маңызды ақпаратты жазып алады. Сараптамалық сұхбатты республикалық ресурстық орталық ұйымдастырады.

Сарапшылар саны - 6 адам.

### *Фокус-топтық сұхбат.*

Фокус-топ әдісі (басқа атауы – фокусталған сұхбат) - бұл топтық пікірталас, оның барысында қатысушылардың белгілі бір қызмет түріне, қызмет көрсету саласына, өнімге деген қатынасы анықталады. Алынған ақпараттың мәні - пікірталасқа қатысушылар мәселені өз тәжірибелеріне сүйене отырып талқылайды.

Респонденттер тобы мүдделі 8-10 адамнан (орталықтардың қызметкерлері, ЖАО және ҮЕҰ өкілдері) аспайды. Фокус-топтың ұзақтығы 2 сағаттан артық емес. Топ, оның қатысушылары сауатты жүргізілген пікірсайыс барысында мемлекеттен қаржыландыру алу процесінде проблемалардың туындау себептеріне қатысты жеке пікірін білдіруі және осы проблемалардың ықтимал шешімдерін ұсынуы үшін құрылады. Мұндай жиналыстағы пікірталастар сапалы талдау технологияларына жатады.

Фокус-топтарға қатысушылар саны - 136-170 адам.

### Бағалау кезеңдері



Айта кетейік, бағалау процесі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Төмендегі тізімде бағалаудың әр кезеңіне қысқаша сипаттама берілген.

#### I. Бағалауды дайындау

- Өңірлердегі/республикалық маңызы бар қалалардағы ресурстық орталықтардың қызметкерлеріне осы әдістемені түсіндіру:

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, объектісі мен мәнін талдау

- Эмпирикалық ақпарат жинауға арналған бағалау құралдарымен (анкеталар, гайдтар, нұсқаулықтар, хаттамалар) танысу;
- Іріктеу әдістемесімен танысу.

#### II. Эмпирикалық материалдар жинау

- Сауалнама ұйымдастыру:

(сұхбат алушыларға нұсқау беру, респонденттерді іріктеу)

- Сауалнама жүргізу:

(жаппай сауалнама, сұхбат және фокус-топ өткізу).

- Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республикалық азаматтық орталықта жиналған деректерді жинақтау (жиналған деректерді бұлтқа жүктеу, атап айтқанда, сканерленген анкеталар немесе Microsoft Excel-дегі мәліметтер, сұхбаттар мен фокус-топтардың аудиожазбалары, фокус-топтардың хаттамалары)

#### III. Әлеуметтік деректерді өңдеу

- Алған ақпаратты өңдеу:

(бағдарламада макет дайындау; сауалнамаларда ашық және жартылай жабық сұрақтарды кодтау, сапалы деректерді ашып жазу және осьтік кодтау)

- SPSS немесе Microsoft Excel бағдарламасына анкеталық мәліметтерді енгізу;
- Деректер базасын «тазарту».

#### IV. Алынған деректерді талдау және түсіндіру

- Бастапқы талдау жүргізу:

(бір өлшемді, екі өлшемді және үш өлшемді кестелер шығару, диаграммалар, графиктер жасау)

- Деректерді қайталама талдау: (статистикалық тәуелділікті анықтау)
- Қорытынды есеп дайындау;
- ҮЕҰ мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тізімін қалыптастыру.

### **3-тарау. Қорытынды құжаттарды дайындау**

#### Қажеттіліктерді бағалау туралы есеп дайындау

Қажеттіліктерді бағалау туралы есепті әлеуметтанушы дайындайды, егер республикалық азаматтық орталықтың штатында тиісті білікті маман болмаса, штаттан тыс әлеуметтанушыны тарту ұсынылады.

Есепті дайындауға арналған техникалық тапсырмада мынадай тармақтар болуы тиіс:

- Есеп авторына қойылатын біліктілік талабы магистрден төмен емес;
- Деректерді талдау және талдамалық есептер жасау тәжірибесінің кемінде 3 жыл болуы;
- Есепке кіріспеде мыналар көрсетілуі тиіс:  
бағалау жүргізу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы;  
бағалаудың мақсаты, міндеттері, мәні және объектісі;  
зерттелетін аймақта қалыптасқан жағдайдың сипаттамасы;  
зерттеудің негізгі ұғымдары мен терминдерін ашып айту.
- Есептің негізгі бөлігінде мыналар көрсетілуі тиіс:  
алынған деректерді талдау және түсіндіру;  
үкіметтік емес ұйымдарды қаржылық қолдау тетіктерінің жұмысына әсер ететін үрдістерді, заңдылықтарды, себептерді, факторларды талдау;  
бағалау нәтижелерін графикалық түрде түсіндіру;  
анкетадағы әр сұрақ әлеуметтік-демографиялық бөлу тұрғысынан талданды;  
сауалнама сұрақтары әрбір өңір бөлінісінде жеке-жеке (жауаптардың нәтижелерін (%), динамикасын, қорытындыларын көрсете отырып) талданды;  
бағалау пәндерінің мәнін көрсететін статистикалық деректер сипатталды.
- Кеңестер мен ұсыныстар зерттеу материалы негізінде пысықталады. Ұсынымдар практикалық сипатта болып, анықталған проблемаларды шешудегі инновациялық тәсілдерді қамтуы тиіс.
- Сараптамалық есепте міндетті түрде: зерттеу бағдарламасы, құралдар жинағы, кестелер мен графиктер болады.

ҮЕҰ мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тізімін қалыптастыру.

Ұсыныстардың алдын ала тізімін қажеттіліктерді бағалау туралы есеппен бірге әлеуметтанушы дайындайды. Республикалық азаматтық орталық есепті қабылдағаннан кейін бағалаудың барлық қатысушыларын шақыра отырып, нәтижелерді таныстыру ұйымдастырылады. Оның барысында қатысушылар ұсынылған нәтижелер, әзірленген ұсыныстар туралы өз пікірлерін айтады, түсініктеме береді, ұсыныстар тізімін өзгертеді немесе толықтырады.

Таныстыру шарасы аяқталған соң республикалық орталық қызметкерлері презентацияға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып, ұсыныстардың қорытынды тізімін дайындайды.

### **Қорытынды**

Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау сапасына қатысты соңғы 2-3 жылда оң өзгерістер байқалып, әріптестік орнатылғаны атап өтілді, бірақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру бойынша мәселелер қалды.

Мемлекеттік органдармен сапалы өзара іс-қимыл мемлекеттік сатып алу бойынша сатып алуды жүзеге асыру, сыйлықтар беру аясында да, үшінші секторды гранттық қолдау шеңберінде де қаржыландыру сомаларының ұлғаюына алып келді. ҮЕҰ-ға қаржылық қолдау көрсету көлемі өсіп отыр,



алайда осы қаражатты алуға және пайдалануға қатысты проблемалар әлі де болса, ҮЕҰ-ның да, мемлекеттік органдардың өкілдерін де алаңдатуда. Бұл жағдай, ең алдымен, қоршаған ортаның, НҚА, тенденциялардың және т. б. өзгеру динамикасына байланысты. Қалыптасқан сын-тегеуріндерге неғұрлым тез ден қою және үкіметтік емес ұйымдардың ұдайы өзгеріп отыратын жағдайдағы қажеттіліктерін есепке алу үшін осы ұсынылып отырған әдістеме әзірленді.

## 1-қосымша

### Жаппай сауалнама жүргізуге арналған анкета

*Құрметті респондент! \_\_\_\_\_ (орталық атауы) еліміздің үкіметтік емес ұйымдарына қаржылық мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдірудегі қажеттіліктерге бағалау жүргізеді. Анкета сұрақтарына жауап беруіңізді сұраймыз. Зерттеу толығымен анонимді түрде өтеді. Барлық мәліметтер арнайы деректерді өңдеу бағдарламасында өңделгеннен кейін ғана жалпыланған түрде қолданылатынына кепілдік береміз. Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін рахмет!*

#### 1. Тізімнен өзіңіз қызметкері болып табылатын ҮЕҰ тіркелген өңірді таңдаңыз

/бір жауап нұсқасы/:

- |                           |                                |
|---------------------------|--------------------------------|
| 1. Ақмола облысы          | 10. Қызылорда облысы           |
| 2. Ақтөбе облысы          | 11. Маңғыстау облысы           |
| 3. Алматы облысы          | 12. Павлодар облысы            |
| 4. Атырау облысы          | 13. Солтүстік Қазақстан облысы |
| 5. Шығыс Қазақстан облысы | 14. Түркістан облысы           |
| 6. Жамбыл облысы          | 15. Алматы қаласы              |
| 7. Батыс Қазақстан облысы | 16. Нұр-Сұлтан қаласы          |
| 8. Қарағанды облысы       | 17. Шымкент қаласы             |
| 9. Қостанай облысы        |                                |

#### 2. Тізімнен ұйымыңыздың қызметінің негізгі бағыттарын таңдаңыз /көп дегенде

3 жауап таңдаңыз/:

- |   |  |
|---|--|
| 1. Білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу | 8. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу  |
| 2. Азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау                    | 9. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау  |
| 3. Қоршаған ортаны қорғау   | 10. Мәдениет пен өнерді дамыту   |
| 4. Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау                                       | 11. Тарихи-мәдени мұраны қорғау  |
| 5. Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу                 | 12. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту  |
| 6. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау   | 13. Пробация қызметтеріне есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде жәрдемдесу |
| 7. Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмектесу  | 14. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу                                    |

#### 3. ҮЕҰ-ның өткен жылғы жалпы бюджетін көрсетіңіз /бір жауап нұсқасы/:

- |                                   |                                     |
|-----------------------------------|-------------------------------------|
| 1. 1 млн теңгеден кем             | 5. 12 млн теңгеден 16 млн тнг дейін |
| 2. 1 млн теңгеден 4 млн тнг дейін | 6. 16 млн теңгеден 30 млн тнг дейін |
| 3. 4 млн теңгеден 8 млн тнг дейін | 7. 30 млн теңге және одан артық     |

4. 8 млн теңгеден 12 млн теңгеге дейін.

**4. Соңғы 3 жылда ҮЕҰ-ның қаражат алған негізгі көздерін атап көрсетіңіз /көп дегенде, 3 жауап нұсқасын таңдаңыз/:**

- |  |   |
|--|---|
| 1. Мүшелік жарналар / 5, 6, 7-ші сұрақтарды өткізіп жіберіңіз/                                     | 7. Мемлекеттік гранттар / 6-сұрақта аталған мәлімдемелерге баға беріңіз/                |
| 2. Жеке қайырымдылық / 5, 6, 7 сұрақтарын өткізіп жіберіңіз/                                       | 8. Коммерциялық ҮЕҰ қызметі /ақылы қызметтер / 5, 6, 7-ші сұрақтарды өткізіп жіберіңіз/ |
| 3. Демеушілік көмек /5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз /  | 9. Халықаралық гранттар / 5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз /                        |
| 4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс (одан әрі МӘТ) / 5-сұрақта аталған мәлімдемелерді баға беріңіз/ | 10. Депозиттер /5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз /                                  |
| 5. Тендерлер (мемлекеттік сатып алулар) /5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз /                    | 11. Мемлекеттік сыйақы /7-сұрақта аталған мәлімдемелерге баға беріңіз/                  |
| 6. Жеке салымдар (құрылтайшылар, басшылар, ҮЕҰ мүшелері) /5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз/    | 12. Басқа _____ (нақты не екенін көрсетіңіз) /5, 6, 7 сұрақтарды өткізіп жіберіңіз/     |

**5. Егер соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жобаны іске асырған болсаңыз, онда МӘТ шеңберінде жобаларды іске асыру тәжірибесін сипаттайтын төменде аталған тұжырымдарға 5 балдық шкала бойынша баға беруіңізді өтінеміз, мұнда «5» - келісемін, «4» - келіспегеннен гөрі келісемін, «3» - жартылай келісемін, жартылай келіспеймін, «2» - келіскеннен гөрі келіспеймін, «1» - келіспеймін, «99» - бағалауға қиналамын. / Әр тұжырымға баға беріледі/**

МӘТ тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу рәсімдері қарапайым және түсінікті	1	2	3	4	5	99
Конкурста әрдайым ең тәжірибелі және білікті ұйым жеңеді	1	2	3	4	5	99
Жеңімпаздар конкурсты өткізуді реттейтін НҚА-ны бұзбай адал анықталады	1	2	3	4	5	99
Техникалық ерекшелік талаптары қолайлы болып табылады	1	2	3	4	5	99
Тапсырыс беруші сапалы техникалық ерекшелік әзірледі	1	2	3	4	5	99
Техникалық ерекшелікте сипатталған талаптар МӘТ тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды реттейтін НҚА талаптарын бұзбайды	1	2	3	4	5	99
Конкурс қорытындыларына шағымдану тәртібі жолға қойылды	1	2	3	4	5	99
Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурсты ашық өткізіледі	1	2	3	4	5	99
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын жобаларды іске асыру ұйымның дамуына оң әсерін тигізеді	1	2	3	4	5	99
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтер көрсету кезінде баға-сапа арақатынасы сақталады	1	2	3	4	5	99

Қаржыландыру көлемі сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді	1	2	3	4	5	99
Қызмет көрсету / жұмыстарды орындау шарты бойынша алдын ала төлем жүргізілді	1	2	3	4	5	99
Жұмысты орындау кезінде ұйым тапсырыс берушіде қызметтерге ақы төлеу жүйесіне байланысты қаржылық қиындықтар болмады	1	2	3	4	5	99
Құжаттар мен іс-қимылдарды келісу, есептілікті қабылдау және орындалған жұмыстар актілеріне қол қою қиындықсыз және мерзімінде жүргізіледі	1	2	3	4	5	99
Келісімшарт бойынша төлем мерзімі бұзылмай жүзеге асырылды	1	2	3	4	5	99
Тапсырыс беруші келісімшартта көзделмеген жұмысты орындауға міндеттеген жоқ	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында Тапсырыс берушімен серіктестік қатынастар қалыптасты	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында көрсетілетін қызметтерге қоғамдық мониторинг жүргізілді	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында Тапсырыс берушімен даулы жағдайлар болған жоқ	1	2	3	4	5	99
Жоба аяқталған соң бағалау жүргізілді	1	2	3	4	5	99
Бағалаудан өткеннен кейін көрсетілген қызмет актісіне қол қойылды	1	2	3	4	5	99

**6. Егер соңғы үш жылда мемлекеттік грант шеңберінде жобаны іске асырған болсаңыз, онда мемлекеттік грант шеңберінде жобаларды іске асыру тәжірибесін сипаттайтын төменде аталған тұжырымдарды 5 балдық шкала бойынша бағалауыңызды өтінеміз, мұнда «5» - келісемін, «4» - келіспегеннен гөрі келісемін, «3» - жартылай келісемін, жартылай келіспеймін, «2» - келіскеннен гөрі келіспеймін, «1» - келіспеймін, «99» - бағалауға қиналамын. /Әр тұжырымға баға беріледі/**

Конкурстың жариялануы туралы ақпараттандыру уақытылы және тиімді жүргізіледі	1	2	3	4	5	99
Байқауға қатысу шарттары қарапайым және түсінікті	1	2	3	4	5	99
Конкурсқа қатысу үшін құжаттар жинау қиын емес	1	2	3	4	5	99
Ұйым конкурсқа қатысуға байланысты қосымша үстеме шығын (пошта қызметтері, қағаз, мөр, папкалар және т. б.) шығарған жоқ	1	2	3	4	5	99
Өтінімдерді бағалау рәсімі ашық	1	2	3	4	5	99
Әзірленген критерийлер бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау объективті болып табылады	1	2	3	4	5	99
Өтінімдерді бағалау нәтижелеріне шағым жасау рәсімі түсінікті	1	2	3	4	5	99
Гранттық қолдау шеңберіндегі есептілік рәсімі қарапайым және түсінікті	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында мониторингті жүзеге асыру процесі жақсы ұйымдастырылған	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында Грант берушімен серіктестік қарым-қатынастар қалыптасты	1	2	3	4	5	99



Жоба бойынша әртүрлі есептік материалдар дайындауға көп уақыт кетпейді	1	2	3	4	5	99
Грант беруші келісімшартта көзделмеген жұмысты орындауға міндеттемейді	1	2	3	4	5	99
Грант беруге арналған шарт талаптарына конкурсқа қатысу үшін ұсынылған өтінімде сипатталмаған қосымша қызмет кірмейді	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында ұйым қаржылық қиындықтарға тап болмады	1	2	3	4	5	99
Жобаны қаржыландыру келісімшартта сипатталған кесте бойынша жүргізілді	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыруды қаржыландыру жобаның жоспарланған іс-шараларына сәйкес пропорционалды түрде жүзеге асырылды	1	2	3	4	5	99
Орындалған қызметтердің актілеріне есептер ұсынылғаннан кейін белгіленген мерзімде қол қойылды	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру барысында Грант берушімен даулы жағдайлар болған жоқ	1	2	3	4	5	99
Есептілікті ұсыну процесінде ұйым қосымша үстеме шығын (пошта қызметтері, қағаз, мөр, папкалар және т. б.) шығарған жоқ	1	2	3	4	5	99
Жобаны іске асыру нәтижелері сұранысқа ие болды және алған тәжірибе ОМО немесе ЖАО уәкілеттік берген Грант берушімен пайдаланылады	1	2	3	4	5	99

**7. Егер соңғы үш жылда Мемлекеттік сыйлық алған болсаңыз, онда төменде келтірілген мемлекеттік сыйлық алу тәжірибесін сипаттайтын тұжырымдарды 5 балдық шкала бойынша бағалауыңызды өтінеміз, онда «5» - келісемін, «4» - келіспегеннен гөрі келісемін, «3» - жартылай келісемін, жартылай келіспеймін, «2» - келіскеннен гөрі келіспеймін, «1» - келіспеймін, «99» - бағалауға қиналамын. /Әр тұжырымға баға беріледі/**

ҰЕҰ арналған сыйлық алуға берілетін өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру уақытылы және тиімді жүзеге асырылады	1	2	3	4	5	99
ҰЕҰ арналған сыйлық алуға қатысу шарттары қарапайым және түсінікті	1	2	3	4	5	99
Сыйлық алуға қатысу үшін құжаттар жинау қиын емес	1	2	3	4	5	99
Ұйым сыйлық алуға өтінім беруге байланысты қосымша үстеме шығын (пошта, қағаз, баспа, папка қызметтері және т. б.) шығарған жоқ	1	2	3	4	5	99
Сыйлық алуға өтінімдерді бағалау рәсімі ашық	1	2	3	4	5	99
Әзірленген критерийлер бойынша сыйлыққа алуға өтінімдерді бағалау объективті болып табылады	1	2	3	4	5	99
Өтінімдерді бағалау нәтижелеріне шағым жасау рәсімі түсінікті	1	2	3	4	5	99
Ізденушілер арасында қаражат бөлу әділ жүргізіледі	1	2	3	4	5	99
Ізденушілер арасында қаражат бөлу ашық жүргізіледі	1	2	3	4	5	99
Сыйлық ұйымның дамуына айтарлықтай әсер етті	1	2	3	4	5	99
Сыйлық ұйымның имиджін арттырды	1	2	3	4	5	99

Сыйлық ұйымның ықпалын күшейтті	1	2	3	4	5	99
Сыйлық ұйым бенефициарларына оң әсерін тигізді	1	2	3	4	5	99

*Сұхбат алушы! Назар аударыңыз, егер респондент соңғы үш жылда ұйымның мемлекеттік қаржыландырудың барлық түрін алғанын айтып, 5, 6, 7-сұрақтардағы тұжырымдарды бағаласа, онда респондентке алғыс білдіріп, сауалнаманы аяқтау қажет.*

*Мемлекеттік қаржыландырудың бір түрін алу бойынша тәжірибесі болмаса және 5, 6, 7-сұрақтарды, олардың екеуін немесе барлығын бірден өткізіп жіберсе, келесі сұрақтарға өту қажет. Сұрақты мұқият оқып шығыңыз, респондент назарын мемлекеттік қаржыландыру түріне (МӘТ, грант, сыйлық) аударыңыз.*

**8. Соңғы 3 жыл ішінде МӘТ шеңберінде жобаларды іске асыру бойынша тәжірибенің болмау себебін көрсетуіңізді өтінеміз:**

1. Конкурстарға қатысқан жоқпын / 9-сұраққа көшу/
2. Конкурстарға қатыстым, бірақ жеңіп шыққан жоқпын / 10-сұраққа көшу/

**9. Соңғы 3 жылда МӘТ аясында ұйымдастырылған конкурстарға қатыспасаңыз, неге қатыспадыңыз? /Таңдалған жауаптар нұсқасы 3-тен аспауы керек/**

- |  |  |
|--|--|
| 1. Мұндай мүмкіндік туралы хабардар емеспіз  | 9. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілер тобының қатысуын шектейтін заңсыз талаптар бар             |
| 2. Ағымдағы конкурстар туралы ақпарат жоқ  | 10. Конкурс нәтижелеріне шағымдану тетігі жұмыс істемейді  |
| 3. Мемлекеттік сатып алу порталымен жұмыс істеу дағдылары мен білімі жоқ                                   | 11. Конкурстық құжаттаманы талқылау мүмкіндігі жоқ   |
| 4. Портал қызметтеріне ақы төлеуге мүмкіндік жоқ   | 12. Лоттардың тақырыптары ұйымның қызметіне сәйкес келмейді  |
| 5. Талап етілетін құжаттар тізімі қорқытады  | 13. Техникалық ерекшелікте сипатталған қызмет жобаны іске асыру саласындағы ахуалды жақсартуға ықпал етпейді |
| 6. Сұралған қызметтер көлемі лот сомасына сәйкес келмейді  | 14. Ұйымның материалдық-техникалық және біліктілік әлеуетін күшейту мүмкіндігі жоқ                           |
| 7. Техникалық ерекшелікте мамандардың тәжірибесі мен біліктілігіне қатысты орындалмайтын талаптар қойылған | 15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары деңгейі   |
| 8. Техникалық ерекшелікте материалдық-техникалық құралдардың болуына заңсыз талаптар қойылған              | 16. Басқа _____<br>(нақты атап көрсетіңіз)   |

**10. Егер МӘТ шеңберінде конкурсқа қатысып, жеңіп шықпасаңыз, мұның себебі не? / Таңдалған жауаптар нұсқасы 3-тен аспауы керек/**

1. «Кәсіби сатып алушылар» ұйымдарымен
9. Сатып алу процесін реттейтін НҚА анық

- |   |   |
|---|---|
| бәсекелесе алмаймыз   | емес  |
| 2. Шот-фактуралары бар фактілермен расталған жеткілікті тәжірибеміз жоқ     | 10. Сапалы техникалық ерекшелікті әзірлеу кезінде қажетті білім мен дағдылар жоқ                                  |
| 3. Қажет емес   | 11. Ұйымда қажетті білікті қызметкерлер жоқ   |
| 4. Байқау бірнеше рет өткізілмеді, кейін өткізілмейтін болды                | 12. Ұйымда конкурстық құжаттамада талап етілген материалдық-техникалық құралдар жоқ                               |
| 5. Порталмен жұмыс істеу кезінде техникалық мәселелер туындады              | 13. Қызметкерлердің біліктілігін растауда қиындықтар туындады   |
| 6. Бағаланатын критерийлерді қандай құжаттармен растауға болатынын білмедік | 14. Конкурсты ұйымдастырушыдан МӘТ тәсілімен сатып алуды жүргізуді регламенттейтін заңнаманы білмеу               |
| 7. Сатып алу процесін реттейтін НҚА-ны түсіну қиын                          | 15. Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінде МӘТ тәсілімен сатып алуды жүргізуді регламенттейтін заңнаманы білмеу |
| 8. Сыбайлас жемқорлық себебінен   | 16. Басқа _____<br>(нақты атап көрсетіңіз)  |

**11. Соңғы 3 жылда мемлекеттік гранттық қаржыландыру шеңберінде жобаларды іске асыру тәжірибенің болмауының себебін көрсетуіңізді сұраймыз:**

1. Конкурстарға қатысқан жоқпын / 12-сұраққа көшу/
2. Конкурстарға қатыстым, бірақ жеңіп шыққан жоқпын / 13-сұраққа көшу/

**12. Соңғы 3 жылда МӘТ аясында ұйымдастырылған конкурстарға қатыспасаңыз, неге қатыспадыңыз? / Таңдалған жауаптар нұсқасы 3-тен аспауы керек/**

- |   |   |
|---|---|
| 1. Мұндай мүмкіндік туралы хабардар емеспіз   | 9. Бірыңғай грант операторының беделі жоқ   |
| 2. Ағымдағы конкурстар туралы ақпарат жоқ   | 10. Конкурс нәтижелеріне шағымдану тетігі жоқ                                     |
| 3. Бірыңғай Грант берушімен жұмыс істеу бойынша жағымсыз тәжірибе болған  | 11. Жобаның мазмұнына қойылған сауал сипаттамасының сапасы, оның нәтижелері төмен |
| 4. Қажет емес   | 12. Тиісті жоба тақырыптары жоқ   |
| 5. Өтінімді дайындау және жіберу процесі күрделі  | 13. Сапалы жоба әзірлеу бойынша қажетті білім мен дағдылар жоқ                    |
| 6. Конкурс жеңімпаздарын таңдауда ашықтық жоқ   | 14. Жоғары бәсекелестіктің болуы  |
| 7. Өтінімді бағалайтын сараптама комиссиясының сенімсіздігі, қажетті білім мен тәжірибенің бар екендігіне күмән келтіру | 15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары деңгейі                              |

8. Конкурстан бастап есептерді қабылдауға дейінгі барлық процестерді бюрократизациялау

16. Басқа \_\_\_\_\_  
(нақты атап көрсетіңіз)

**13. Егер мемлекеттік гранттық қаржыландыру шеңберінде конкурсқа қатыссаңыз, неге жеңіп шықпадыңыз? / Бір жауап нұсқасы/**

1. Күшті және тәжірибелі ұйымдармен бәсекелесе алмаймыз

6. Өтінім елеусіз себептермен бағалауға жіберілген жоқ

2. Сарапшылардың уағдаластығына байланысты өтінімді бағалау төмендетілді

7. Ұйым конкурс жеңімпазы бола алды, бірақ келісу процесінде келісімшарт жасасудан бас тартты

3. Сарапшылардың біліксіздігіне байланысты өтінімді бағалау төмендетілді

8. Конкурс өткен жоқ

4. Басқа ұйымдар әзірлеген жобалар мазмұны жағынан жақсы болды

16. Басқа \_\_\_\_\_  
(нақты атап көрсетіңіз)

5. Өтінім объективті себептермен бағалауға жіберілген жоқ

**14. Соңғы 3 жылда мемлекеттік сыйлық алмауыңыздың себебін көрсетіңіз:**

1. Сыйлық алуға өтінім берген жоқпыз /15-сұраққа көшу /

2. Өтінім жіберілді, бірақ сыйлық алған жоқпыз / 16-сұраққа көшу/

**15. Соңғы 3 жылда сыйлық алуға өтінім бермесеңіз, неге бермедіңіз? / Таңдалған жауаптар нұсқасы 3-тен аспауы керек/**

1. Біз бұрын сыйлық алғанбыз, оны басқа лайықты ұйымдарға алуға мүмкіндік беруіміз керек

9. Сараптамалық комиссия біздің ұйымды сыйлыққа лайық емес деп санамайды деген қауіп бар

2. Біз ұйымымызды басқаларға қарағанда лайықты деп санамаймыз

10. Біздің ұйымға сыйақы түрінде қосымша қаржыландыру қажет емес

3. Біз енді ғана жұмыс істей бастадық және тәжірибелі ұйымдармен салыстырғанда марапатқа әлі лайық емеспіз деп санаймыз

11. Біздің ұйымға қосымша PR қажет емес

4. Сыйлық алуға құжаттарды дайындау қиындық туғызады

12. Сыйлық алуға конкурс өткізілетіні туралы хабардар емеспіз

5. Сыйлық алу үшін конкурс жеңімпаздарын таңдау ашық жүргізілмейді

13. Басқа \_\_\_\_\_  
(нақты атап көрсетіңіз)

8. Сыйлық алуға өтінім берген кезде сыйақының мөлшері қандай болатыны белгісіз

**16. Соңғы 3 жылда сыйлық алуға өтінім беріп, сыйлық алмасаңыз, Сізге оны бермеудің себебін айтты ма?**

1. Иә \_\_\_\_\_ (берілмеу себебін көрсетіңіз)

2. Жоқ \_\_\_\_\_ (берілмеудің болжамды себебін көрсетіңіз)

Әдістеме «Үкіметтік емес ұйымдарды қолдау жөніндегі республикалық азаматтық орталықтың қызметін ұйымдастыру және дамыту» жобасы аясында әзірленді.

## 2-қосымша

### Сараптамалық сұхбат жүргізуге арналған сауалнама

ҚР АҚДМ және «АБҚО» КЕАҚ қызметкерлерімен терең сұхбат жүргізуге арналған сұрақтар тізімі

1. ҮЕҰ-мен қанша уақыттан бері жұмыс істеп келесіз?

2. Сіздің міндеттеріңіз қандай?

3. Үшінші сектордың күшеюі мен дамуын көтермелеп, қолдай отырып, мемлекет қандай мақсаттарды көздейді деп ойлайсыз? (түсіндіріңіз).

4. Мемлекет осындай қолдауды жүзеге асыру үшін қандай шаралар қабылдауда? (атаңыз).

5. Аталған шаралар сектордың дамуына қалай әсер етеді? Логикалық тізбекті түсіндіріңіз. (Мысал: мемлекет ҮЕҰ өкілдерін оқытуды қаржыландырады – ҮЕҰ-да қызметкерлердің біліктілігін тегін арттыру мүмкіндігі пайда болады – оқытудан өткеннен кейін көрсетілетін қызметтердің сапасы артады – әлеуметтік жобаларды іске асыруға тартылатын қаражат көлемі өседі - жобалар шеңберінде қайырымдылық көмек алушылар саны артады).

6. Мемлекеттік қаржыландыруды ала алмайтын немесе қаламайтын ұйымдарды сипаттаңыз. Бұл қандай ұйымдар? (қызмет бағыты, жұмыс тәжірибесі, деректер базасында ақпараттың болуы).

7. ҮЕҰ-мен жұмыс істеген кезде қандай қиындықтарға тап боласыз? (атап шығыңыз, түсіндіріңіз).

8. Мемлекеттік қаржыландыруды алу кезінде үшінші сектор ұйымдары қандай қиындықтарға тап болады? (атап шығыңыз, түсіндіріңіз).

9. Қолданыстағы заңнаманың қандай нормалары үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік қаржыландыруды алуы кезінде қиындық тудырады? (сіздің ойыңызша ең проблемалық мәселелерді атаңыз).

10. Мекемеңіз ҮЕҰ қызметін мемлекеттік қаржыландыру тетігін жетілдіру бойынша кеңестер мен ұсыныстар жинау мақсатында үкіметтік емес ұйымдарды бірлескен жұмысқа тартатыны белгілі.

10.1. Мұндай бірлескен жұмыс үшін ҮЕҰ-ны қалай тандайсыз?

10.2. Бұл бір ұйымдар ма, әлде құрамы өзгере ме? (іріктеу қандай критерийлер бойынша жүргізіледі).

10.3. Бірлесіп жұмыс істеуге мемлекеттік қаржыландыру алуда қиындық көріп жүрген ұйымдар шақырыла ма, әлде қиындық көрмейтін ұйымдар шақырыла ма?

10.4. Мұндай ұйымдарға есепке алынған және есепке алынбаған ұсыныстар туралы ақпарат бересіз бе? (Қолданыстағы механизмде ұсыныстарды қолдануды қиындататын себептер туралы).

### 3-қосымша Фокус-топ өткізуге арналған гайд

ФГ жүргізуге арналған сауалнама-гайд

1. Мемлекеттік қаржыландыруды алу және мемлекеттік қаржыландыру шеңберінде жобаларды іске асыру процесінде ҮЕҰ қандай проблемаларға жиі тап болады?

1.1. МӨТ:

1.2. Мемлекеттік гранттар:

1.3. Мемлекеттік сыйлықтар:

2. Бұл проблемалар қаншалықты өзекті? (Жақында қандай проблемалар пайда болды, 5 жылға дейін? Қандай проблемалар бұрыннан бар, 5 жыл және одан артық?)

3. 5 жылдан астам уақытқа созылған проблемаларды жоюға не кедергі?

4. 5 жылдан аз уақыт бұрын пайда болған жаңа проблемалар неге туындады?

5. Уәкілетті орган ҮЕҰ секторын мемлекеттік қолдау тетіктерінің кемшіліктерін жою үшін не істеу керек?

5. ҮЕҰ секторды мемлекеттік қолдау тетіктерінің кемшіліктерін жою үшін жергілікті атқарушы органдар не қабылдауы қажет?

6. Үкіметтік емес ұйымдар үкіметтік емес секторды мемлекеттік қолдау тетіктерінің кемшіліктерін жою үшін не істеуі керек?

7. ҮЕҰ-ны мемлекеттік қаржыландыру саласындағы проблемалық мәселелерді шешуге оң әсер ететін мемлекеттік органдарды атаңыз:

Айтылғанды қорытындылай келе, үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар тұжырымдайық:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

және т.б.